

«Сымбат» бөбекжай- бақшасы МКҚК

Бекітемін

«Сымбат» бөбекжай-бақшасы

МКҚК меңгерушісі:

Ұ Атамбекова



Qeset -

Ө Н Д І Р І С Т І К К Е Ң Е С Т Е Р

2023 – 2024 оқу жылы

Өндірістік кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру 2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау 3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы 4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту	қыркүйек	Меңгеруші Шаруа меңгерушісі
2	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы. 3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту 4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық	желтоқсан	Меңгеруші Шаруа меңгерушісі
3	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы 3. Акция: «Гүлді алея» (ата-аналармен бірге көшеттер отырғызу) 4. Әртүрлі мәселелер	наурыз	Меңгеруші Шаруа меңгерушісі
4	1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 3. Жазғы мезгілде балалардың өмірімен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық 4. Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау	мамыр	Меңгеруші Шаруа меңгерушісі

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы

Қыркүйек 2023 ж
Қатысқандар саны-

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту – меңгеруші.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу – әдіскер.
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы – медбике.
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту – есепші

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ұ.Атамбекова қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері С.Камашова тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады. Сонымен бірге меңгеруші Ұ.Атамбекова шаруа меңгерушісі Ұ.Боранбай қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты. Меңгеруші балабақша мейірбикесі Ж.Исабаева өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың

денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті Сондықтан барлық қызметкерлер лауазымдық міндеттерін бұлжытпай орындауы тиіс екенін айтты.

Қызметкерлер лауазымдық міндеттерімен танысып, орындайтындықтырын білдірді, қолын қойды.

2.Тыңдалды меңгеруші Ұ.Атамбекова және әдіскер С.Камашова «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне, денсаулығына жауаптымыз. Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша меңгеруші Ұ.Атамбекова және медбике Ж.Исабаева баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру; құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану т.с.м. мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады.

Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды.

Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет. Тағамның әр түрлі болғаны маңызды, сол ғана оның пайдасын арттыратынын айтып, мейірбикеге 10 күндік ас мәзірін құруды тапсырды.

Мейірбике келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша есепшісі Г.Жакипова қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды, қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.

3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын. Жауапты Ж.Исабаева
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.



Qeshe -

Камаш

Ұ.Атамбекова

С.Камашова

№ 2 өндірістік кеңестің хаттамасы

Желтоқсан 2023 ж
Қатысқандар саны-

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуі мен сақталуы.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту
4. Жаңа жыл мерекесіне дайындық

1.Тыңдалды өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына балабақша меңгерушісі тоқталды. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібі, лауазымдық міндеттеріне сай жұмыс істеп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші Ұ.Атамбекова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатқанын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті. Мейірбике Ж.Исабаева балабақшаның күзгі-қысқы мерзімге 10 күндік ас мәзірі жасалып, бекітіліп, сол бойынша балалар тамағы жасалып жатырғанан, бала тамағы сақталуы, дайындалуы талапқа сай екенін айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі Ұ.Атамбекова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп қорытындылады.

2.Тыңдалды шаруа меңгерушісі Ж.Исабаева «Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы, топтарға жылудың берілуімен сақталуы» мәліметі. Балабақша қыс мерзіміне дайын. Жылу жүйесіндегі ақаулар жөнделіп, мұржалар тексеруден өткізіліп пештер қысыммен тексерілді. . Барлық топ 20-22⁰ С қалыпты температура сақталуда екенін айтты. Меңгеруші Ұ.Атамбекова жылу беру маусымына байланысты от жағушыларды, педагог және ішкі қызметкерлер арасында өрт және техника қауіпсіздігін сақтау үшін арнайы нұсқаулықтармен таныстырды.

3.Тыңдалды меңгеруші Ұ.Атамбекова қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту туралы мәліметімен таныстырды. Барлық қызметкерлер дайындалған кестеге қанағаттанатындықтарын білдірді.

4.Тыңдалды Жаңа жыл мерекесіне дайындық

Балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінің қандай шаралары сақтау керектігі жайлы меңгеруші Ұ.Атамбекова сөз етті. Жылдың 20 желтоқсаннан бастап, әр топтарда өрт қауіпсіздік шаралары сақтай отырып жасалды, шырша орнатылатынын айтты. Ата-аналарға топ жиналыстарында жазатайым оқиғалар болдырмау мақсатында жадынамалар таныстырылсын. Балалар жүретін жолдарда өрт сөндіргіш құралдары жабдықталуын сөз етті. Жаңа жыл мерекесін өткізу үшін қауіпсіздік пен тәртіп ережелеріне кезекшілік ұйымдастырылды. Медбикеге алғашқы көмек көрсету қобдишаларын дайындап қоюы керек екендіктерін ескертті.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
- 2.Балабақшаның қысқы жылу мерзіміне дайындығы қанағаттанарлық
- 3.Қызметкерлердің демалыс кестесі бекітілсін.
- 4.Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіздік шаралар күшейтілсін.

Кеңес төрайымы:



Хатшысы:

Ұ.Атамбекова

Ұ.Атамбекова

С.Камашова

С.Камашова